

Мақпал орта негізгі мектебі

Сынып сабакты

Тақырып: «Байқоңыр-гарыш айлағы».

Дайындаған: Даuletbaeva Ш.Ж.

2023 ж.

Сабактың тақырыбы: Байқоңыр – ғарыш айлағы.

Сабактың мақсаты: Ғарыш әлемі жайлар түсінік беру. Ғарыш айлағы – Байқоңыр туралы білім беру. Ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Байқоңырдың, ғарышкерлердің, зымыранның суреттері, слайд.

Сабактың жүрісі:

- Балалар, біздің тұратын жеріміз – Жер планетасы деп аталады. Төбемізде әдемі аспан әлемі бар. Бұл – аспан әлемі - ғарыш. Біз өзіміздің Жер планетасында тату - тәтті өмір сүреміз.

Қане, бәріміз Жермен, Күнмен, достарымызбен амандастырыңыз.

Амансың ба, алтын Күн!

Амансың ба, Жер ана!

Амансың ба, достарым,

Сендерді көрсем қуанам!

- Көліктердің қандай тұрлар ін білесіндер?

- Жер көлігі (машиналар, велосипед, мотоцикл), су көлігі (кеме, қайық), әуе көлігі (ұшақ, тікұшақ, зымыран).

- Дұрыс айтасындар, балалар! Ерте заманнан адамдар әуеде құс сияқты ұшуды армандаған, сондықтан аспанға көтерілудің тұрлі жолдарын ойластырған. Ең алдымен, әуе шарлары пайда болды. Келе - келе ұшақ, тікұшақ пайда болды. Ұшактар адам тасымалдауға арналған. Ал тікұшақтармен ауыр жүктөрді тасиды.

- Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын. Дұрыс шешуге тырысайық:

Аспанда бір алып құс,

Ыңғып ұшып барады.

Қарап тұрсаң ғажайып,

Соңында із қалады.

(Зымыран)

- Аспанда нелер болады, балалар?

- Күн, ай, бұлттар болады.

- Дұрыс айтасындар, ал зымыран бізге не үшін қажет? Зымыранмен кімдер ұшады?

Зымырандар ұшатын орынды не деп атайды? (Балалардың жауаптары тыңдалады).

- Зымыранмен ғарышкерлер ұшады. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз. Зымырандар ұшатын орынды ғарыш айлағы деп атайды. Біздің Қазақстанда ғарыш айлағы Байқоңыр деген жерде орналасқан. Байқоңыр ғарыш айлағы - Қазақстанда, оның ішінде өзіміздің Қызылорда облысында орналасқан. Ғарышкерлердің бәрі осы жерден ғарышқа ұшады. Ең алғаш 1961 жылы 12 сәуірде ғарышқа ұшқан Ресей азаматы **Ю. А. Гагарин** болды. Ю. А. Гагариннен бұрын екі ит – Белка және Стрелка ұшырылған.

- Ал, Қазақстаннан ең алғаш ғарышқа ұшқан кімдерді білесіндер?

Қазақстаннан алғаш ғарышқа ұшқан ғарышкерлер – **Тоқтар Әубекіров пен Талғат**

Мұсабаев. Олар ғарышқа ұшып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл кісілер біздің еліміздің

мактаныштары. Олар - ержүрек, батыр, халық қаһармандары. Осы кісілер сияқты батыл, ержүрек болу үшін, білімді, тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек.

Ғарышкерлер ғарышқа ұшар алдында олар әр түрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады. Ғарышта адам демалатын ая жоқ, көлеңке жақта қатты сұық, күн түсіп түрған жағы өте ыстық болады. Сондықтан осылардан сақтану үшін ғарышкерлер «скафандр» деп аталатын арнайы киім киеді. Скафандрдың арқасында ая толтырылған баллоны, жермен және өзара байланысқа арналған байланыс құралдары болады (бейнефильм көрсету).

Сөздік жұмысы:

Айлақ – ғарышқа ұшуға арналған қолайлы алаң.

Гарыш – аспан әлемі.

Сергіту сәті: Аспан, аспан, арайлым,

Саған жиі қараймын.

Сені көзбен шоламын,

Мен ғарышкер боламын.

Дәптермен жұмыс

- Балалар, сендер ғарыш, аспан әлемі туралы білдіңдер. Қалай ойлайсыңдар, ғарышқа қандай көлікпен барамыз екен? Ұшақпен бе, тікүшақпен бе әлде зымыранмен бе?

- Ғарышқа зымыранмен барамыз.

- Ендеше, ойланып, қиялдарындағы зымыранның суретін дәптер бетіне салып көріндер. Ол үшін алдымен аспан әлемі, ғарыш жайлы бір сәт көз алдымызға елестетіп көрейік (жағымды әуен ойналып тұрады).

Сабакты қорытындылау.

Дидактикалық ойын: «Ғарышқа ұшу». Ойынның шарты: Балалар зымыранмен ғарышқа ұшып, жұлдыздың тапсырмасын орындаپ, сұрақтарға жауап береді:

- Аспан денелеріне нелер жатады?

- Ғарышқа ұшқан ғарышкерлерді ата.

- Скафандр деген не?

- Ғарышқа қандай көлікпен ұшады?

- Ғарышкер, ғарыш, Байқоңыр туралы туралы қандай тақпак білесің?

- Міне көрдіңдер ме, балалар, сендер білімді, ақылды екендерінді көрсетіп, сұрақтарға өте жақсы жауап беріп, жұмбақ шешіп, суретті жақсы салып, сабакқа жақсы қатыстындар!

Жарайсындар!